

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы N 22-13 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 4 мамырда N 2718 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 14-4 шешімімен

**Ескеरту.** Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 28.01.2022 № 14-4 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабы 6 тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу" үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихаты **ШЕШІТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округінде жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидасы бекітілсін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының*

*Ақжар аудандық мәслихат*

*сессиясының төрағасы*

*Солтүстік Қазақстан облысының*

*Ақжар аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Д. Кудъяров*

*М. Жұмабаев*

*Солтүстік Қазақстан облысы*

*Ақжар аудандық мәслихатының*

*2014 жылғы 31 наурыздағы № 22-13*

*шешіміне қосымша*

## **Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Ауылдың атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округінің ауыл тұрғындар өкілдерінің саны (адам)
Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округінің Ұялы ауылының тұрғындарына	34
Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округінің Ақсары ауылының тұрғындарына	22

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ақжар аудандық мәслихатының  
2014 жылғы 31 наурыздағы № 22-13  
шешіммен бекітілген

## **Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3 бабының 6 тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округі ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округі ауыл аумағындағы бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

### **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиын Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округтің әкімі шақырады. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары

арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ақжар ауданының Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округі ауыл шегінде бөлек жиынды өткізууді Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округтің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округі ауыл қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округінің әкімімен немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округі ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Ұялы ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.